

GLENCORE

**СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ҚАРСЫ САЯСАТ**



Кіріспе

Сыбайлас жемқорлық пен парақорлық заңға да, әдептілікке де жатпайды. Олар қоғамның тұрақтылығын бұзады, заңның ұлықтылығын түсіреді және тұрақты экономикалық прогреске және нарықтың салауатты әрекетіне қауіп-қатер төндіреді. Сыбайлас жемқорлық пен парақорлық қаупі туралы мәселе көтеріп, оны бақылауға алмау біздің беделімізді түсіріп, компанияны және/немесе жеке тұлғаларды тексерулерге, айыппұлдарға және/немесе басқа да айыппұлдық ықпалшараларға ұшыратуы мүмкін.

Біз ешқашан сыббайлас жемқорлықпен айналыспаймыз және де жергілікті дәстүр немесе жол-жораға қарамастан ешқашан пара бермейміз. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты Гленкордың ұстанымы айқын: пара немесе басқа да жәнсіз артықшылықтар ұсыну, төлеу, оған рұқсат беру, азғыру және қабылдау өрескел жағдай.

Бұл Сыбайлас жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы саясат парақорлық пен жемқорлықтың басқа да түрлерін болдырмау жолындағы Гленкордың ұстанымдарын белгілейді.

Кімдерге қатысты қолданылады?

Бұл саясат барлық қызметкерлерге, директорларға және лауазымды адамдарға, сонымен қатар дүниежүзі бойынша Glencore тікелей немесе жанама бақылауындағы немесе басқаруындағы өнеркәсіп объектілері мен кеңселерінде жұмыс жасайтын Glencore тікелей қарамағындағы мердігерлерге қатысты.

Құндылықтарымызбен және Кодексімізбен үйлесімді жолдармен әрекет етуге ынталандыру үшін бақылауымыздан бен басқаруымыздың тыс біріккен кәсіпорындарға ықпал етеміз.

Біздің міндеттемелеріміз нені білдіреді?

Мемлекеттік қызметкерлерге де, жеке тұлғаларға да, параның ешқандай түріне жол бермейміз.

Мемлекеттік қызметкерлерге де, жеке тұлғаларға да, тікелей де жанама түрде де, біз ешқашан ресмилікті оңайлататын төлемдермен қоса, параның ешқандай түрін ұсынбаймыз, бермейміз және оған рұқсат бермейміз.

Біз ешқашан параның ешқандай түрін тікелей де жанама түрде де сұрамаймыз да, қабылдамаймыз да.

Пара ақшалай немесе ақшалай емес, материалдық немесе материалдық емес болуы мүмкін. Пара төмендегідей түрлерде немесе солар арқылы іске асырылуы мүмкін:

- ақшалай төлемдер
- сыйлықтар немесе ойын-сауық
- бейкоммерциялық шарттармен берілген жеңілдіктер, несиелер және/немесе қаржыландыру
- көрсетілген қызметтерге қатысты тауар бағасынан шегерімдер ('рибейт') немесе алғыспұлдар ('кикбэк')

- бизнестегі серіктестерге артық төлемдер
- активтерді жеңілдікпен немесе ақысыз пайдалану
- демеушілік және қайырымдылық салымдар және қоғамдастықтарға инвестиция
- саяси бірлестіктердің қажеттеріне жәрдем ретінде төлемдер
- жұмысқа немесе тәжірибеден өтуге орналастыру, немесе
- ақпарат немесе көмек.

Парақорлық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелімізді басқару мақсатында біз мемлекеттік қызметкерлерге, сыйлықтарға және ойын-сауықтарға, бизнестегі серіктестерімізге, демеушілікке және қайырымдылыққа, саяси бірлестіктердің қажеттеріне жәрдем ретіндегі төлемдерге және іс қағаздарға байланысты шаруаларға қатысты рәсімдер мен реттеу тетіктері кешенін жүзеге асырамыз.



Сыбайлас жемқорлық пен парақорлық қаупін білдіретін қызыл жалауларға қырағылымызды жоғалтпаймыз.

Мемлекеттік қызметкерлер

Мемлекеттік қызметкерлермен қарым-қатынас өімен бірге сыбайлас жемқорлықтың жоғары қатерін немесе сыбайлас жемқорлықты түйсінуді ала жүреді. Мемлекеттік қызметкерлермен қарым-қатынас жасағанда, олармен сыйлықтармен немесе ойын-сауықпен алмасқанда немесе оларға көмек көрсеткенде айрықша сақпыз.

Ресмилікті оңайлататын төлемдер

Кейбір желерде, мемлекеттік қызметкерлер рұқсаттар, лицензиялар немесе басқа да ресми құжаттар беру; виза сияқты мемлекеттік қағаздар өңдеп, әзірлеу; кедендік тазартудан өткізу; полицияның қорғауы; тұрмыстық және коммуналдық қызмет көрсету; немесе жүктерді өңдеп беру сияқты дағдылы әкімшілік істерді жылдамдату немесе орындалуын қамтамсыз ету үшін ресмилікті оңайлататын төлемдер ретінде белгілі шағын төлемдер сұрауы мүмкін.

Ресмилікті оңайлататын төлемдер парақорлықтың бір формасы болып табылады. Біз ешқашан ресмилікті оңайлататын төлемдер жасамаймыз де, оған рұқсатта бермейміз. Бізден ресмилікті оңайлататын төлемдер жасау сұралған жағдайда, ондай төлем жасамай, дереу Талаптарға Сәйкестік бөліміне хабарлауымыз керек.

Зорлық-зомбылық салып және бопсалаушылықпен жасалған төлемдер

Барлық қызметкерлері мен мердігерлерін күш көрсетілуден қорғауды және олардың амандығын ең бірінші орынға қояды. Егер амандығымыз бен қауіпсіздігімізге қатер төніп тұрса, өзімізді қатерден алып шығу үшін орынды қадамдар жасаймыз. Төтенше

жағдайларда, оған берілген жағдайда қауіпсіздігімізді қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қызметкерге төлем жасау жатуы мүмкін. Қауіпсіздікке қол жеткеннен соң мүмкіндігінше тезірек осындай жағдайлар туралы Талаптарға Сәйкестік Тобына баяндауымыз қажет.

Сыйлықтар және ойын-сауық

Сыйлықтар мен ойын-сауық ұсынуды және қабылдауды дұрыс басқару нақты немесе жорамалды парақорлық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелін болдырмаудың кілті.

Төмендегі шарттарға сәйкес келетін сыйлықтар мен ойын-сауық түрлерін ғана ұсынамыз және қабылдаймыз:

- таза ниетпен, анда-санда, орынды
- қарапайым бизнестегі сыпайылық, және
- ашық.

Төмендегідей шарттарға сәйкес келетін сыйлықтар мен ойын-сауық түрлерін бермейміз, қабылдамаймыз:

- шешім қабылдау немесе басқа да әрекетке ықпал ету ниетімен немесе үмітімен
- тиісті емес немесе заңға қайшы артықшылық алу ниетімен
- қалай болса да пара ретінде қарастырылуы оңай, немесе
- алдын ала толтырылған карта немесе қолма-қол ақшаға айырбастауға болатын сыйлық карталарын қамтитын ақшалай түрдегі сыйлықтар.

Демеушілік және қайырымдылық салымдар және қоғамдастықтарға инвестиция

Біз ешқашан параны жасыру немесе заңсыз коммерциялық пайда көру мақсатында демеушілікпен, қайырымдылықпен немесе қоғамдастыққа инвестиция салумен айналыспаймыз.

Демеушілік, қайырымдылық немесе қоғамдастыққа инвестиция жасамастан бұрын тәуекелдерге негізделген тиісті сақтық шараларын жүргізіп алуымызға көз жеткіземіз. Қажет болғанда өзімізден бөлінген материалдық және бейматериалдық қаражаттардың көзделген мақсатқа қолданылуын қадағалаймыз.

Саяси бірлестіктердің қажеттеріне жәрдем

Заңсыз немесе жемқорлық жолмен саяси үдеріске ықпал етуді көздемейміз. Осындай тәуекелді азайту үшін ешқандай саяси науқанға, саяси партияға, саяси үміткерге немесе саясатпен байланысқан ұйымдарға материалдық та, бейматериалдық та қаражат салмаймыз.

Бизнестегі серіктестер

Бизнестегі серіктестеріміз іскерлік тәжірибелерімізді әдептілікпен және жауапкершілікпен жүргізу міндеттемелерімізге қосылатына сенім білдіреміз. Бизнестегі серіктестерімізге біздің атымыздан парақорлықпен немесе жемқорлықпен айналысуға рұқсат етпейміз.

Тәуекелдерге негізделген Контрагентінді танып, біл бағдарламасын жүзеге асыру арқылы бизнестегі серіктестеріміздің кім екенін біліп отырамыз.

Бизнестегі серіктестерімізбен байланысты парақорлыққа және жемқорлыққа ұшыраушылықты басқару үшін, тәуекелге негізделген ұстанымды пайдалана отыра, реттеу тетіктері мен үдерістер кешенін, оның ішінде іріктеу, тиісті сақтық шараларын және қадағалау жүргіземіз.

Біздің атымыздан мемлекеттік қызметкерлермен қатынас жасайтын бизнесті дамытушылар, біріккен кәсіпорындағы серіктестер, лоббишілер, консультанттар немесе кеңесшілер сияқты қауіп-қатері жоғары бизнес серіктестерге

қатысты қосымша бақылаулар жүргіземіз. Қарым-қатынастың осындай түрлерін бастамас бұрын, одан келетін жемқорлық қатерін анықтап, бағалап және азайту үшін тәуекелге негізделген егжей-тегжейлі бағалау жүргіземіз. Тиісті жерінде, қауіп-қатері жоғары бизнес серіктестермен қатынастарымыздға тұрақты мониторинг пен жүйелі тексеру де жүргіземіз.

Қосылу және жұтып алу мәселесіне келсек, өзіміз басқаратын немесе пайдаланатын мекемелерге сатып алар алдындағы жан-жақты тиісті сақтық тексеру жасаймыз, ал содан соң оларға Гленкордың Топтық Талаптарға Сәйкестік бағдарламасын енгіземіз.

Қосылу және жұтып алу

Қосылуды немесе жұтып алуды қарастырарда, трансакцияға байланысты қандай да болмасын парақорлық немесе жемқорлық қатерін түсіну үшін тәуекелге негізделген тиісті сақтық тексеруін жүргіземіз және табылған мәселелерді шешуге шаралар қолданамыз. Бизнесті бақылау немесе пайдалану құқығын сатып алып жатсақ, біз тез арада осы саясатты, осымен байланысты рәсімдер мен реттеу тетіктерді жүзеге асырамыз.

Іс қағаздарды тап-тинақтай етіп жүргізу

Барлық трансакциялардың рәсімдерімізге сәйкес Гленкордың бухгалтерлік кітаптары мен жазбаларына енгізілуін және трансакцияның тұрпаты мен мазмұнының көрсетілуін қамтамасыз етеміз.

Ашық айту және қауіптену туралы хабарлау

Міндеттемелеріміздің орындалуын қамтамасыз ету әрқайсымыздың жауапкершілігіміз. Біз қызметкерлеріміз бен мердігерлеріміздің ашық айтуларын және олардан Әдептілік кодексіміздің, саясаттарымыздың немесе заңның бұзылуына қатысты, өздеріне немесе басқаларға қатысты болса да, кез келген алаңдаушылық туралы баяндауларын талап етеміз. Бұл алаңдаушылықтар туралы менеджерлерге, супервайзерлерге немесе кеңселеріміз бен өнеркәсіптік объектілеріміздегі арнайы заңсыз әрекеттерге қатысты күдіктер бойынша байланыс мамандарын қамтитын басқа қолжетімді баяндау арналары арқылы көтерілуі керек. Біздің корпоративтік Алаңдаушылықтарды Баяндау бағдарламасының арналары қызметкерлерге, мердігерлерге және сыртқы тараптарға да қолжетімді. Сондай-ақ біз қызметкерлеріміз процедураларымыздағы талаптардың бұзылуы туралы хабарлап отырады деп күтеміз.

Glencore алаңдаушылықтарды байыппен қабылдайды да, олармен тезарада айналысады.

Өздерінің ойларынша әдепке жатпайтын, заңсыз немесе Кодексімізбен, саясаттарымызбен және процедураларымызбен үйлесімсіз әрекет туралы алаңдаушылықтарын ашық білдірген адамдардың, тіпті алаңдары дәлелсіз болса да, қудалаушылыққа немесе жазалауға ұшырауларына Glencore жол бермейді. Алаңдаушылық көтерген адам үшін, тек біле тұра жалған хабарлама жасамаса, ешқандай жағымсыз салдары болмайды.

Салдары

Біздің саясаттар Құндылықтарымыз бен Әдептілік кодексімізді одан ары нығайтып, біз үшін ненің маңызды екенін көрсетеді. Саясаттарымыздың бұзылуларына Гленкор қатал қарайды. Бұзушылықтың ауырлығына қарай, салдары да ескертуден басталып жұмыстан шығаруға дейін баруы мүмкін.



Негізгі терминдер

ПАРА

Кез келген адамның, мейлі ол мемлекеттік қызметкер болсын, мейлі ол жеке тұлға болсын, әрекетіне, әрекетсіздігіне немесе шешім қабылдауына теріс ықпал ету мақсатында ұсынылған, берілген, рұқсат етілген, сұралған немесе қабылданған құндылығы бар кез келген нәрсе, соның ішінде кез келген қаржылық немесе басқа да артықшылық.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

Жеке бастың қамы үшін билігін немесе қызметін асыра пайдалану.

СЫЙЛЫҚТАР

Ақысыз айырбасталған құнды зат немесе олжа.

ОЙЫН-САУЫҚ, КӨҢІЛ КӨТЕРУ

Кез келген ақысыз - немесе нарықтық бағасынан төмен бағамен ұсынылған немесе қабылданған іс-әрекет - оның ішінде (бірақ онымен шектелмей) тамақ, саяхат, қонақ үй немесе сол сияқты жерлерге жайғастыру, спорттық шаралар, рекреациялық-сауықтыру іс-шаралары және мейманшылық.

РЕСМИЛІКТІ ОҢАЙЛАТАТЫН ТӨЛЕМД

Қаншалықты аз болсын, дағдылы әкімшілік істерді жылдамдату немесе орындалуын қамтамасыз ету үшін жасалатын кез келген төлем.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР

мемлекеттік немесе мемлекеттің бақылауындағы немесе мемлекеттің меншігіндегі ұйымның лауазымды тұлғасы, қызметкері немесе өкілі, оның ішінде:

- ұлттық немесе жергілікті үкімет мекемесінің кез келген лауазымды тұлғасы, қызметкері немесе өкілі
- заң шығарушы, әкімшілік немесе әділет органдарында әр түрлі лауазымға ие кез келген адам
- Біріккен Ұлттар Ұйымы немесе Дүниежүзілік Банк сияқты мемлекет аралық ұйымның кез келген лауазымды тұлғасы, қызметкері немесе өкілі
- мемлекет меншігіндегі немесе мемлекет бақылауындағы кез келген мекеме немесе компанияның кез келген лауазымды тұлғасы, қызметкері немесе өкілі
- саяси партияның кез келген лауазымды тұлғасы немесе өкілі, немесе
- саяси лауазым алуға үміткер.



Қосымша ресурстар

Құндылықтарымыз

Әдептілік кодексі

Саясатқа тартуға қатысты саясат

Сыйлықтар мен ойын-сауыққа қатысты стандарт - Өнеркәсіп объектілері

Сыйлықтар мен ойын-сауыққа қатысты стандарт - Маркетинг

Контрагенттің стандарттарын біл - Өнеркәсіп объектілері

Контрагенттің процедураларын біл - Маркетинг

Үшінші тұлғаларға қатысты тиісті сақтық шараларын жүргізу және басқару процедурасы

Біріккен кәсіпорын құру және Қосылу және Жұтып алуға қатысты рәсім

Мемлекеттік қызметкерлермен қарым-қатынас жасауға арналған басшылық нұсқау

Біздің мақсатымыз

“Күнделікті өмірімізді
жақсартатын тауарлармен
жауапты түрде қамту”

ЖАЗҒАН: Талаптарға Сәйкестік Тобы
ШЫҒАРЫЛҒАН КҮНІ: 01.06.2021
СОҢҒЫ РЕТ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН КҮНІ: 16.08.2022
НҮСҚА 1.1
ҚҰЖАТ ИДЕНТИФИКАТОРЫ: GRP-POL-CMPL-100-v1.1

Бұл саясат Гленкор плс. Директорлар
кеңесімен бекітілген.

Glencore plc
Baarer mattstrasse 3
CH-6340 Baar
Швейцария

ТЕЛ.: +41 41 709 2000
ФАКС +41 41 709 3000
EMAIL info@glencore.com
ВЕБ САЙТ glencore.com